

## Исатай ауданы Тұщықұдық ауылдық округінің Чапаев ауылын Тұщықұдық ауылы деп қайта атау туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 4 ақпандағы N 35 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 8 ақпандағы N 70-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 11 наурызда N 2522 тіркелді

**Ескерту. Бірлескен шешімнің атауына өзгеріс енгізілді - Атырау облысы әкімдігінің 10.10.2014 № 315 қаулысымен және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 4-тармағына сәйкес, облыстық ономастикалық комиссияның 2008 жылғы 9 қаңтардағы қорытындысы, Исатай ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 18 қазандағы N 173-а қаулысы, аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 19 қазандағы N 21 "Тұщықұдық селолық округінің Чапаев селосын қайта атау туралы" шешімі негізінде және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 27-баптарын басшылыққа алып облыс әкімдігі қаулы етеді және облыстық мәслихат шешім етті:

1. Исатай ауданы Тұщықұдық ауылдық округінің Чапаев ауылы Тұщықұдық ауылы болып қайта аталсын.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімдігінің 10.10.2014 № 315 қаулысымен және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі			
сессиясының төрайымы	Облыстық	мәслихаттың	V
Облыстық мәслихат хатшысы			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК